ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 30 қазан №1513-25-00-2/2679-іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья А.М.Жусупов,
сот отырысының хатшысы Г.М.Кушекбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Малике Есмагамбетова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д.Н.Сарсенгалиев
талап қоюшы өкілі А.К.Пангереева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер М.Есмагамбетова (бұдан әрі -жауапкер, өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілі негізінде 2025 жылдың 15 тамызда №84 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 16 кунтізбелік кун ішінде 107 200 теңгеге тауарды жеткізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 2025 жылдың 9 қыркүйекте енгізілген.

Құжатқа қол қойылған: Жусупов А. М., 06.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Жусупов А. М., 12.12.2025
1513-25-3-1/3550

Жауапкер міндеттемені орындамаған.

2025 жылдың 1 қазанда шарт бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіріп беруін сұраған. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер міндеттерін орындамағандығын көрсеткен.

Жауапкер өкілінен қарсы пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі талапты қолдап, жауапкермен міндеттемелер орындалмағандығын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сотқа қатысқан жоқ. Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігінің (әрі қарай-АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талапты ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ 8-бабының 4-тармағының 3-тармақшасында (бұдан әрі-Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 8 бабының 4 тармағында, осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында жауапкермен келісім-шартта көрсетілген міндеттер орындалмағандығы анықталды. Шарт бұзылған.

Жауапкер өкілінің уәждері, талапты қанағаттандырусыз қалдыруға негіз болмайды, себебі, жауапкермен жасалған Шарт бойынша міндеттемелері орындалмаған, талап қоюшы Заңға сәйкес уақытында сотқа жүгінген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

Талап қоюшының айыппұлды өндіру құқығы,Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық

Құжатқа қол қойылған: Жусупов А. М., 06.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Жусупов А. М., 12.12.2025
1513-25-3-1/3550

айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс. Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 32 күн үшін есептеген. Алайда, есепті 2025 жылдың 2 қыркүйектен 1 қазанға дейін санау қажет, 3 216 теңге (107200 теңге х 0,1% х 30 күн) мөлшерінде өндірілуге жатады деп есептейді.

Сот, АПК-нің 117-бабына сай, сот шығындары өндірілуге жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Темір орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Малике Есмагамбетова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Малике Есмагамбетовадан мемлекет пайдасына 3 216 (үш мың екі жүз он алты) теңге тұрақсыздық айыбы, жергілікті бюджет пайдасына 2 062 (екі мың алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап шығарған сот арқылы апелляциялық шағым немесе прокурор өтінішхат берілуі мүмкін.

Судья **А.М.Жусупов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов А. М., 06.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.12.2025, судья Жусупов А. М., 12.12.2025
1513-25-3-1/3550